



Толубаева Сания Какимовна

Толубаева Сания Какимовна 1956 жылы Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Тос-Агаш ауылында дүниеге келді. Павлодар қаласының №3 мектеп интернатын 1973 жылы тәмамдаған соң, Семей педагогикалық институтының физика-математика факультетінің математика мамандығы бойынша бітіріп, Шарбақты орта мектебіне жолдама алды. Шарбақты орта мектебінің қабырғасында табан аудармай 36 жыл қиын да, қызығы мол математика пәнінен дәріс беріп келеді. Сания Какимовна өз мамандығын сүйетін, іздену мен үйренуден жалыққан емес. Өз пәнін білетін, оқу әдістерін меңгерген ұстаз, оқушыларының математика пәніне деген қызығушылығын арттыра түсу үшін сабақтарында әртүрлі тәсілдерді, тесттерді жиі пайдаланады. Математиканы терең бойлау сол саладағы озық технологияларды меңгерту, ақпараттық-коммуникативті технологияларды, яғни интербелсенді тақтаны сабақтарында кеңінен қолдану жүйеге қойылған. ПБАИ жетекшілері арқылы рецензияланған кітапшалары да бар. Атап айтатын болсақ, «Математикадан сыныптан тыс», «Ашық сабақтар», «9 сыныпқа арналған» тест жинағы.

2001-2014 жылдары Шарбақты орта мектебінде директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының қызметін атқарды.

Сания Какимовнаның жетістіктері еленбей қалған жоқ, бөлімі, кәсіподақ, аудандық әкім аудандық оқу грамоталарымен марапатталды.

Оқушылар, ата-аналар және ұжым арасында беделді ұстаз.

Сания Какимовна мектеп мақтанышы. Өйткені оның қол жеткізген жетістігі мектептің де жетістігі.